


Республикалық «Алтын қалам» әдеби байқауының жеңімпаздары анықталды. Өңірімізге белгілі ақын, сатирик Алпысбай Хонж қос бірдей аталым – балалар әдебиеті мен сатира жанрындағы шығармалар бойынша жеңімпаз атанды.



# «Алтын қалам» – Алпысбайда!

Ауқымды әдеби байқау ҚР Ұлттық кітапханасының ұйымдастыруымен және «ZHERSU» инвестициялық-өндірістік корпорациясының қолдауымен өткен.

Байқауға Қазақстан, Ресей, Украина, АҚШ, Израиль, Беларусь, Моңғолия және Орталық Африка елдерінен барлығы 408 қаламгер қатысып, 600-ден астам жұмыс түскен. Байқауға арналған шығармалар 15 наурыздан 15 қыркүйекке дейін қабылданып, 7 номинация іріктелді.

С.Торайғыров атындағы облыстық кітапхана қызметкері, ақын Алпысбай Хонж «Телқасқа» атты көркем әңгімесі үшін «ДАРАБОЗ»

балаларға арналған үздік шығарма аталымын жеңіп алып, 1 млн. теңге көлемінде сыйақыға ие болды. Жерлесіміздің «Түпән талып қалды» деп аталатын сатиралық өлеңі сатиралық шығармалар аталымында бас бәйгеге бағаланды.

Сонымен қатар, роман, поэзия, проза, киносценарийі және драматургия, фантастикасы және детектив аталымдарының жеңімпаздары да сый-сыяпатқа ие болды.

Естеріңізге сала кетейік, бұл - Алпысбайдың жыл басынан бергі республика деңгейіндегі бесінші жұлдісі.

**Т.МАРХАБА.**